

Грек-рим күресінен командалық Әлем кубогын өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2003 жылғы 27 наурыздағы N 41-өкімі

1. Қазақстан Республикасы Туризм және спорт жөніндегі агенттігінің және Күрестін қауымдасқан түрлерінің халықаралық федерациясы бюросының 2003 жылғы 25-26 қазанда Алматы қаласында грек-рим күресінен командалық Әлем кубогын (бұдан әрі - Әлем кубогы) өткізу туралы ұсынысы қабылданын.

2. Қоса беріліп отырған Әлем кубогына дайындық және оны өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің құрамы бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі мен Алматы қаласының әкімі Қазақстан Республикасының Күрес федерациясымен бірлесіп, Әлем кубогына дайындықты және оны Алматы қаласында Балуан Шолақ атындағы Спорт және мәдениет сарайында өткізуді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі қатысушылар мен ресми адамдар тұратын және жарыстар өтетін Жерлерде қоғамдық тәртіптің сақталуын, олардың қауіпсіздігін, Әлем кубогына қатысушы шетелдік азаматтардың Алматы қаласының қонақ үйлерінде тіркелуін қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі Әлем кубогына дайындық және оны өткізу барысын бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен жария етуді қамтамасыз етсін.

6. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Әлем Кубогына қатысушыларды көлік қызметімен қамтамасыз етуге жәрдем көрсетсін.

7. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі берген тізім бойынша Әлем кубогына қатысушылар мен ресми адамдардың келу және кету құжаттарын ресімдеуге жәрдем көрсетсін.

Премьер-Министр

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 0 3

ж ы л ғ ы

2 7

н а у р ы з д а ғ ы

N 4 1 ө к і м і м е н

бекітілген

**Грек-рим күресінен командалық Әлем Кубогына дайындық
және оны өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің
құрамы**

Тұрлыханов Дәулет Болатұлы	- Қазақстан Республикасы Туризм және спорт жөніндегі агенттігінің төрағасы, төраға
Мурзин Алмат Зарлықұлы	- Алматы қаласы әкімінің орынбасары, төрағаның орынбасары
Әбенов Сұлтан Мұрашұлы	- Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің кеңесшісі
Рябченко Олег Григорьевич	- Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім бірінші вице-министрі
Лавриненко Юрий Иванович	- Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар бірінші вице-министрі
Отто Иван Иванович	- Қазақстан Республикасының Ішкі істер вице-министрі
Қуанышев Дулат Оразбекұлы	- Қазақстан Республикасының Сыртқы істер вице-министрі
Тәжібай Бақытбек	- Қазақстан Республикасы Туризм және спорт жөніндегі агенттігі төрағасының бірінші орынбасары
Қасенов Болат Төлешұлы	- Қазақстан Республикасы Күрес федерациясының вице-президенті (келісім бойынша)
Төкеев Серік Адамұлы	- Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі Ұлттық штаттық командалардың және спорт резерві дирекциясының басшысы
Нуров Наиль Фаридович	- "Қазспортқамтамасызету" ашық акционерлік қоғамының президенті (келісім бойынша)
Көкбаев Құлақсу Үбәтайұлы	- Қазақстан Республикасы Туризм және спорт жөніндегі агенттігінің Жоғары жетістіктер спорты және

спорт резерві басқармасы бастығының

орынбасары

Захарин

Юрий Кузьмич

(келісім бойынша)

- Балуан Шолақ атындағы спорт және
мәдениет сарайының директоры

Волоха

Анатолий Иванович

(келісім бойынша)

- Қазақстан Республикасы Күрес
Федерациясының бас хатшысы